

"Халықаралық қаржы үйымдарының қарыздарын тартатын және халықаралық қаржы үйымдарының қарыздарын тартатын табиғи монополиялар субъектілерінің тізбесіне кіретін табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің ерекше тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндептін атқарушының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 710 бұйрығының және "Халықаралық қаржы үйымдарының қарыздарын тартатын және халықаралық қаржы үйымдарының қарыздарын тартатын табиғи монополиялар субъектілерінің тізбесіне кіретін табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің ерекше тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндептін атқарушының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 710 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 499 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 6 қарашадағы № 85 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 қарашада № 21621 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес БҮЙЫРАМЫН:

1. Мыналардың:

1) "Халықаралық қаржы үйымдарының қарыздарын тартатын және халықаралық қаржы үйымдарының қарыздарын тартатын табиғи монополиялар субъектілерінің тізбесіне кіретін табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің ерекше тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндептін атқарушының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 710 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12506 болып тіркелген, "Әділет" акпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 31 желтоқсанда жарияланған);

2) "Халықаралық қаржы үйымдарының қарыздарын тартатын және халықаралық қаржы үйымдарының қарыздарын тартатын табиғи монополиялар субъектілерінің тізбесіне кіретін табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің ерекше тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндептін атқарушының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 710 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 499 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14720 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 6 желтоқсанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Табиғи монополияларды реттеу комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрі

P. Даленов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Индустрія және инфрақұрылымдық

даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Экология, геология және

табиғи ресурстар министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК